

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ НАРЫҒЫНДАҒЫ СУППОЗИТОРИЙ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРЫНА МАРКЕТИНГТІК ТАЛДАУ


Ресми ақпарат көздерін пайдалана отырып, Қазақстандағы және басқа елдердегі суппозиторий дәрілік препараттар нарығына салыстырмалы талдау жасалды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы өндірісіндегі суппозиторий дәрілік қалыптардың ассортиментін кеңейту қажеттілігі көрсетілген.

Түйінді сөздер: фармацевтикалық өндіріс, дәрілік өсімдік шикізаты, суппозиторий, тіркелген дәрілік қалыптар, импорт.

Кіріспе. Денсаулық сақтаудың маңызды міндеттерінің бірі – халықты қауіпсіз, тиімді, сапалы және қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету болып табылады.

Осыны негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының (ҚР) Президенті Н.Ә. Назарбаев Үкіметке Ұлттық фармацевтикалық өндірушілер есебінен ішкі тұтынуды дәрілік препараттармен қамтамасыз етуді мақсат етіп қойды. 2016 – 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының “Денсаулық” мемлекеттік бағдарламасы 2010 жылы Қазақстан Республикасының 2010 – 2014 жылдарға арналған фармацевтикалық өнеркәсібін дамыту жөніндегі бағдарламасының жалғасы ретінде бекітіліп, бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі халықты отандық өндірістегі медикаменттермен қамтамасыз ету мәселелерін, дәрілік заттардың қолжетімділігін, сапасы мен қауіпсіздігін, тиімді қолданылуын қамтамасыз ету сияқты негізгі міндеттерді жүзеге асыру үшін іс-шаралар кешенінің тиімділігін әзірлеу, орындау және мониторинг жасауды алдын-ала қарастыратын дәрілік қамтамасыз ету және Денсаулық сақтау жүйесін дәрімен қамтамасыз етудің Ұлттық саясатын жүзеге асыру болып табылады».[1]

ҚР тіркелген дәрілік заттар. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында дәрілік заттарға тұрғындардың қажеттілігі толығымен қанағаттандырылмай, алайда отандық өнімнің дәрілік заттарға деген жалпы қолданыс үлесі тек 11% - ы ғана құрайды. Орын алған жағдай, Қазақстан Республикасының үкімет басшыларын ғана емес, фармацевтикалық өнімнің өндірушісінде алаңдатпауы мүмкін емес, себебі дәрілік заттар кез – келген мемлекеттің мемлекеттік қауіпсіздігі болып табылады (сурет 1).



Сурет 1 - ҚР тіркелген дәрілік заттар


2018 жылдың қаңтар айында жасалған зерттеулерге сүйенсек, ҚР мемлекеттік реестрінде 8000-нан астам дәрілік заттар тіркелген, оның 915-і Қазақстанда өндіріледі. Бұл жалпы көрсеткіштің 11%-ын ғана құрайды. Ал елімізге сырттан келген дәрілік заттардың көшін Үндістан бастап тұр. Жалпы қоры 1111 дәрілік затпен 14%.

Кесте 1 - ҚР дәрілік заттар импортының алғашқы ондығын мына кестеден көрсек болады.

Үндістан	1111 (14%)
Қазақстан	915 (11%)
Германия	771 (10%)
Ресей	698 (9%)
Украина	448 (6%)


Ал медикаменттер импортының бағасы бойынша алдыңғы қатарда Германия (16%), Франция (12%), Үндістан (9%) және Ресей (7%). Айта кететін қызықты факт – заманауи фармацевтикалық өндіріс бойынша алдыңғы қатардағы елдер АҚШ, Швейцария және Ұлыбритания бағасы бойынша да, саны бойынша да ҚР-дағы ДЗ басты он импортер елінің қатарына кірмейді.

Енді дәрілік қалыптарға келетін болсақ, көпші таблеткалар (45%) бастап тұр. Бұл жалпы көрсеткіштің жартысына жуығын алуда. Әрине, қоладануға тиімді, әрі бағасы жағынан да қолжетімді. Алайда таблеткалардың сіңуі мен әсер етуі жылдамдығы басқа дәрілік қалыптарға, мысалы, инъекциялық дәрілер немесе суппозиторийлерге қарағанда баяу келеді (сурет 2). [2]



Сурет 2 - ҚР тіркелген дәрілік қалыптар

Осы дәрілік қалыптар ішінен қолданылуында ыңғайсыздық туындағанымен, қауіпсіз әрі әсері тез дәрілік қалып түрі – суппозиторий. Олар елімізде жалпы реестрдің тек 2%-ын ғана құрайды. Бұл оның басқа дәрілік заттармен салыстырғанда қолданыста аз екенін білдіреді. Төменде ҚР-ның мемлекеттік реестрінде тіркелген суппозиторийлар көрсетілген (сурет 3).



Сурет 3 - ҚР тіркелген суппозиторий дәрілік қалып түрі


Диаграммадан байқағанымыздай, елімізде суппозиторийлардың тек 10%-ы өндіріледі. Оларды өндіретін ФитОлеум ТОО және ПК "Фирма "Кызылмай" фирмалары. Бұл фирмалар көбіне фитопрепараттар өндірісімен айналысады. Бұл фитопрепараттар ішінде шырғанақ, қырмызыгүл, мыңжапырақ, женшень, т.б. кездеседі. Әрине, бұл дәрілік заттардың елімізде өндірілетіні көз қуантарлық жайт. Алайда маркетингтік зерттеулерге сүйенер болсақ, реестрде фитопрепараттарға қарағанда, химиялық жолмен алынған дәрілік заттар саны әлдеқайда көп (сурет 4).




Сурет 4 - Суппозиторийлердің алыну көздері

Қазіргі таңда Қазақстанның фаунасының кеңдігіне қарамастан, табиғи препаратқа қарағанда синтетикалық препараттардың саны айтарлықтай ауқымды. Оның себебі еліміздің өндірісінде фитошикізаттардың зерттелуінің әлі де болсын артта қалуында. Дәлірек айтсақ, суппозиторийлердің алыну көзінің тек 15%-ы ғана фитопрепараттарға жатса, қалғаны (85%) синтетикалық препараттар.

IMS Health мәліметтерін қолданып, ақшалай жағынан да, сандық жағынан да ҚР фармацевтикалық нарығында суппозиторийлерді сату динамикасын бақылауға болады. 2017 жылы сату көлемдері көп емес, алайда оң динамикасы байқалды, ол ақшалай жағынан +5,6% (\$1 901 570 244) және сандық жағынан +6,4% (664 351 818 қаптама) құрады (сурет 5,6).



Сурет 5 - 2015-2017 жж. бойынша суппозиторийлерді сату көлемі (млрд., USD)



Сурет 6 – 2015-2017 жж. қаптамадағы суппозиторийлерді сату көлемі (млн., USD)

Қорытынды: Осылайша, жүргізілген маркетингтік зерттеу отандық фармацевтік нарықта суппозиторийлер пішініндегі дәрілік құралдардың толық сегменті барын және өткізілген зерттеулер осы секторда фармацевтикалық нарық бағасы жағынан да, сандық жағынан да динамикалық өсу үстінде екендігін, отандық өндірушілермен импортталатын құралдардың орнын басу жағынан да тартымды екендігін көрсетті.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Приказ МЗСР РК от 27 мая 2015 года №392 «Об утверждении надлежащих фармацевтических практик». - Астана: Астана китап, 2015. – 35 с.
- 2 Паршина, Н. Сравнительный анализ систем обеспечения качества лекарственных средств в развитых странах и СНГ // Фармац. – 2003. - №5. – С. 3-7.
- 3 Drlica, K. DNA gyrase, topoisomerase IV. – E.: Microbiology and Molecular Biology Reviews, 1997. – 392 p.

Э.Н. Капсалямова, Е.В. Талгаева, Ә.А. Сабыр, І. Асылбек

МАРКЕТИНГОВЫЙ АНАЛИЗ ПРЕПАРАТОВ СУППОЗИТОРИЕВ НА ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОМ РЫНКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Резюме: Сравнительный анализ рынка суппозиторийов лекарственных средств в Казахстане и других странах был сделан с использованием официальных источников информации. В то же время необходимо расширить ассортимент суппозиторийов лекарственных средств в Республике Казахстан.

Ключевые слова: фармацевтическое производство, лекарственное растительное сырье, суппозитории, зарегистрированные лекарственные формы, импорт.

E.N. Kapsalyamova, E.V. Talgaeva, I. Asylbek, A.A. Sabyr

**MARKETING ANALYSIS OF SUPPOSITORY PREPARATIONS ON THE PHARMACEUTICAL MARKET
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Resume: A comparative analysis of the suppository market for medicines in Kazakhstan and other countries was made using official sources of information. At the same time, it is necessary to expand the range of suppositories of medicines in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: pharmaceutical production, medicinal plant raw materials, suppositories, registered dosage forms, import.